
**С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ**

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Павлодарского государственного университета имени С. Торайгырова

ПМУ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ПГУ

Филологическая серия
Издается с 1997 года

№ 2 (2016)

Павлодар

Капанова Д. Е., Рахимбекова Г. О.	
Теории речевых актов и ее место в современной лингвистике	135
Карсыбаева Г. Т., Рысберген Қ. Қ.	
Лингвокультурные особенности космонимов «ЛУНА» «СОЛНЦЕ»	142
Кульбаева Б. Т.	
Лингвокультуремы – соматизмы «көз», «бел» и «бауыр» как маркеры репрезентации фоновых знаний	149
Кульбаева Б. Т.	
Коннотации как созначения лингвокультуремы в передаче культурной информации	157
Курманбаева Ш. К.	
Методологические основы создания лингвострановедческого словаря и вопросы укрепления туристского имиджа страны	164
Мадиева Г. Б., Кондыбаева Р. Ж.	
Инструментальный анализ: движение основного тона в изолированных словах казахского языка	171
Мамбетов К. С., Мамбетова М. К., Исакова Г. Н.	
Великое наследие акын-жырау в эпоху Казахского ханства	180
Нуршаихова Ж. А., Ихсангалиева Г. К., Екшембеева Л. В.	
контенты сайтов: их влияние на казахстанский социум	190
Оразханова М. И.	
Природа песен-посвящений в казахской литературе	195
Оспанова Б. Р., Баймамыров С. А.	
Об особенностях профессиональной направленности студентов технических вузов на занятиях русского языка	200
Пиязбаева А. Б., Фазылжанова А. М.	
Понимание рекламного текста и процесс инференции	209
Сагитова Ж. М., Мырзамбетова Ж. К., Айнабаева З. М.	
Преподавание межкультурной коммуникативной компетенции через речевую деятельность	216
Сатемирова Д. А.	
Сыр бойы ақындарының әдеби-шығармашылық орта дәстүрі	222
Сейитова Ш. Б.	
Проявление национального духа в некоторых этно устойчивых выражениях	229
Туйте Е. Е., Кенжебеков А. Х.	
Исследование невербальных средств	237
Умарова Г. С., Ыбраева Р.	
Концепция образа матери в поэзии Е.Есенина и М.Жумабаева	244
Исакова Б. Д.	
Язык повести Д.Исабекова «Дермене»	253
 Правила для авторов	260

CONTENT

Amrenov A. D.	
Religious educationnal idea in the works Akyt Ulimzhiuly	9
Amrenov A. D., Kabyshev T. B.	
Continuity of traditions fable Makysh Kaltayeva: in the context of world and Kazakh fables genre	16
Andryuchshenko O. K., Suyunova G. S.	
Current trends in the philological urban study	23
Akhmedova A. K., Raimbekova A. A.	
Features of national character in Russian proverbs	30
Akhmetbekova A. M.	
Metatext Characteristics of Terminological Definition	37
Baratova M. N., Nurkina N. A.	
K. Myrzaliev is a painter of nature	47
Bekmyrza B.	
The theme of love in prose Maxim Gorky (for example a fairy tale «girl and death»)	53
Bektemirova S. B., Karagoishieva D. A.	
Source of lexicography - dictionaries in Arab language	59
Garanina Ye. P.	
The image of the author as an artistic unity (based on the collection «Прощальный взмах руки» of Zh. Nurkenov)	65
Zhakupov Zh. A.	
Contrastive observation of lexical system of Kazakh and Russian languages ..	71
Zhanuzakova K. T., Panzabek B.	
Genre features novel in prose of the period independence	80
Zholshayeva M. S.	
Problems of Functional Morphology in A. Baytursynuly's Scientific Works	88
Zhumsakbaeyv A.	
Folklore and avant-garde in Esenin's creation	95
Zhussupov N. K., Baratova M. N.	
Features of the concept of «night», «dark», «road» in the poems S.Toraigyrov	101
Ibrayeva A. B., Urazbayeva S. A.	
Models of distance learning of a foreign language in modern educational paradigm.	106
Kadyrov Zh. T., Talaspaeva Zh. S., Zhambek S. N.	
Aesthetic categories of cognition of artistic workmanship	113
Kazkenova A. K.	
On grammatical indicators of borrowed words in the modern russian language	128
Kapanova D. Y., Rakhimbekova G. O.	
Theory of speech acts and its place in modern linguistics	135

Қ. С. Мәмбетов¹, М. Қ. Мәмбетова², Г. Н. Исакова³

¹ф.ғ.к., Қ. А. Ясауи ат. Халықаралық Қазақ-Түрік университеті Түркология ғылыми-зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері; ²доцент, ф.ғ.к.; ³PhD докторанты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
e-mail: turkologi@mail.ru

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ДӘУІРІНДЕГІ АҚЫН-ЖЫРАУЛАР АСЫЛ МҰРАСЫ

Қадым замандардан келе жатқан, көне тарихтың куәсіндей болған, бүгінгі тәуелсіздігімізге жеткен әдеби мұраларды жан-жақты зерттеп, олардың ішінен інжу-маржандарын сұрыптап алып, сан ғасырлар бойы халық даналығы тудырған асыл қазынаны бүкіл қоғамдық салт-сананы қайта құрып жатқан «Мәңгілік Ел» жолында еліміздің игілігіне айналдыру – қазақ әдебиеті тарихын зерттеушілердің төл міндеті деп білеміз. Себебі, әрбір ұрпақ өзінен бұрын ғұмыр кешкен барлық ұрпақтар жасаған рухани мұраны игеріп, оны жаңа қоғамдық-тарихи жағдайға сәйкес жетілдіріліп отыруы тиіс. Сонда ғана қоғам дамуының рухани мүмкіндіктері объективті түрде жүзеге асады. Түркі әлемінен жеткен «Мәңгілік Ел» құру жолында Қазақ елі, бүкіл қоғамдық ой-сананы, халықтың рухани өмірін қайта құрып жатқан бүгінгі ұлы бетбұрыс кезеңінде Қазақ хандығы дәуіріндегі ақын-жыраулар поэзиясының құндылығын объективті түрде танып-білудің маңызы ерекше зор болып отыр. Қазақ хандығы дәуірінде қазақ поэзиясының ең ауыр жүгін көтерген, сөз өнерінің жетекші өкілдері – ақын-жыраулар бүкіл әлемдік мәні бар аса құнды әдеби мұраны жасады. Олай болса мақалада XVII ғасырдағы ақын-жыраулардың әлемдік әдебиетке қосқан үлесі сөз болады.

Түйін сөздер: қазақ ақын-жыраулар, жыр, жырау поэзиясы

XVII ғасырдағы қазақ ақын-жырауларының өкілі – Жиёмбет пен Марғасқа жыраулар. Қазақ хандығы дәуірінде бұл ақын-жыраулардың есімі XVII ғасырдың алғашқы жартысында билік құрған хан Еңсегей бойлы ер Есіммен байланыстырылады. Жиёмбет Бортоғашұлы – жорықшы жырау, Есім ханның әскербасы батырларының бірі болған. Жиёмбет ірі шонжар, сол заманның ірі феодалы, мемлекет істеріне араласып үлкен рөл атқарған қабырғалы би. Жиёмбет жыраудың «Әмірің қатты Есім хан...», «Еңсегей бойлы ер Есім...», «Қол-аяғым бұғауда...», «Басы саудың түгел-дүр...» жыр-

толғаулары қазақ поэзиясының ұлы қазыналары. Жиёмбеттен қалған «Еңсегей бойлы ер Есім...» атты жыр-толғауы елеулі мұра! Жиёмбет – Есім ханды ақ киізге салып хан көтерушілердің бірі. Есім хан қазақ тарихындағы ең жауынгер, ең ірі хандардың бірі болған.

Жиёмбет өмір сүрген дәуір – қазақтардың сыртқы жауларға қарсы қаһармандық күресінің дәуірі-тін. Бұл кездегі ең басты дұшпан Жоңғардан шыққан қалмақтар еді.

Қазақтар ойраттарға қарсы күресте жеңіске жетеді. Бұл оқиғаны Жиёмбеттің «Еңсегей бойлы ер Есім» толғауынан көреміз:

Қалмақтың Бөрі ханы келгенде,

Соқыр бурыл байталға

Сонда бір жайдақ мінгенсің...[1].

Есім хан тұсында қазақтар қалмақтармен 1620, 1627, 1628, 1635 жылдары бірнеше рет соғысып, бәрінде де қазақтар жеңіп отырған (С.К.Богоявленский. Материалы истории калмыков в первый половине XVII века – исторические записки, У. 1939, стр. 60-72.). Еңсегей бойлы Ер Есімнің тұсында да соғыс толастамайды. XV ғасырдың соңғы жылдарында Қазақ хандығының біраз күшеюі Есім ханның жеңіске жетуімен байланысты.

Жиёмбет жырау мемлекет, халық алдында канша беделді болғанмен, оның Есім ханмен тартысының аяғы насырға шабады.

Азап шектім аралда

Ханға қарсы тұрам деп [1].

Жиёмбеттің тағдыры қуғында, астана Түркістаннан аулақ шалғайда аяқталады. Дегенмен, Жиёмбет – қазақ ақын-жырауларының ішінде өзінің бір беткейлігімен, өткірлігімен көзге түскен жырау. Қазақ хандығының құрылу дәуірінде Жиёмбет жырау қазақ атымен аталатын төл әдебиетінің дамуына, қазақтың әлемдік деңгейге көтерілуіне мол үлесін қосқан ақын.

Есімханның батырларының бірі әрі жорықшы жырауы Марғасқаның «Ей, Қатағанның хан Тұрсын» жырында жырау Тұрсын ханды ұйқыда жатқан жерінен байлатып алады.

Еңсегей бойлы Ер Есім,

Есігінде келіп тұр:

Алғалы тұр жаныңды,

Шашқалы тұр қаныңды! [1].

Өжет, өткір тілді Марғасқаның аса талантты ақын екендігі аңғарылады. Марғасқа жауынгер, жорықшы жырау болған. Ақтамберді, Доспамбет пен Шалкиіз дәстүрін дамытушы, өз артында елеулі мұра қалдырған жырау. Оның әдеби мұралары қазақ халқының рухани мәдениетінің дамуына сүбелі үлесін қосқан туындылар.

Ақтамбердінің «Жағыма қолдың тигенін...», «Дұшпаннан көрген қорлығым...», «Балпаң, балпаң басарсың...», «Жауға шаптым ту байлап...»,

«Күлдір-күлдір кісінетіп...», «Уа, Қарт Бөгембай...», «Ей, азаматтар, шоралар...» т.б.

Ақтамберді – жауынгер, жорық жырауы. Күрес дәуірінде қазақ қолын басқарған ерлердің бірі. Ел арасында Ақтамбердінің батырлық, ерлік, балуандық даңқы ерте шығады. Ол – қалмақтармен соғыста ерлігімен, батырлығымен көзге түскен жырау.

Қарағайға қарсы біткен бұтақпын
Балталасаң да айрылман,
Сыртым құрыш, жүзім болат,
Тасқа да салсаң майрылман! [1]

Ақтамберді жыраудың басты шығармашылығы – ерлікке, батырлыққа шақыру. «Уа, жігіттер, жандарың», «Жауды аяй көрмеңіз» деген жыр жолдары арқылы жауынгерлерді ерлікке үндейді.

Ақтамберді жыраудың шығармаларында, қазақтардың ой-арманы, мақсат-мүддесі, сахара тұрғындарының өмірі, тұрмысы бейнеленеді. Ақтамбердінің толғаулары қазақ поэзиясын Еуропалық деңгейге көтерілуіне ықпал етті.

Тәтіқара қиын кезеңдерде сырт жауларға қарсы күрестің ұраншысы, өз отандастарын жыр-толғауларымен жігерлендіріп отырған жауынгер ақын, жортуыл кернейшісі. Тәтіқараның саналы өмірі Абылай ханның төңірегінде өткен. Тәтіқара батырларды жауына қарсы шығуға үндеп, жігерлендіріп отырған.

Ағашта, биікті айтсаң, қарағайды айт,
Жігіттік, ерлікті айтсаң, Бөгембайды айт!
Найзасының ұшына жау мінгізген –
Еменәлі Керейде ер Жабайды айт! [1].

Жыр жолдары арқылы жырау жауға қарсы тайсалмай шапқан батырларға өр рух беріп, бейнесін көркем сомдай білген. Тәтіқараның осы үш шумақ толғауынан қазақ поэзиясының деңгейінің көкжиегінің кеңейгенін аңғаруға болады.

Ақындық қабілеті ерте байқалған Үмбетей жырау өз ауылдастарының, ағайындарының теріс қылықтарын әшкерелеген өткір тілді ақын ғана емес, ескі эпикалық жырлардың білгірі ретінде де танылады. Оның «Бәкеге», «Жауқашарға», «Бұқарға», «Бекболат биге», «Бөгембай өліміне», сондай ұзақ жыр-толғауы «Бөгембай өлімін Абылай ханға естірту» ел арасына тараған өлең-жырлары бар:

Ей, Абылай, Абылай,
Сөзімді тыңда тағы да-ай!
...Сексеннен аса бергенде,
Қайрылмас қаза келгенде,
Батырың өлді - Бөгенбай! [1] -

Абылай ханға Үмбетей жырау қаралы хабарды естіртеді. Сөйтіп ханды жұбатады, көңілін бекітеді.

...Бөгенбай сынды батырдың
Береке берсін артына-ай,
Сабыр берсін халқына-ай,
Жасаған ие жар болып,
Бейіште нұры шалқығай!!! [1]

Үмбетей жыр жолдарын тамаша батамен, ақ тілекпен, халыққа бақыт, береке, тыныштық тілеумен аяқтайды.

Үмбетей – жырларында маңызды мәселелерді көтеріп, жауды жеңген батырлардың ерлігін мадақтап, дәріптеп отырған тынысы кең жырау.

Қазақ әдебиеті тарихында ақын-жыраулар поэзиясы мұраларын енгізген ғалым-жазушы М.Мағауин: «Әскери жорықтарға қатысу жыраулар творчествосына өз сәулесін түсірді: жырау поэзиясы әдетте өр рух, романтикаға, жауынгерлік пафосқа толы келеді. Сонымен бірге жыраулар қаһармандық эпосты жасау және оны тарату ісінде елеулі рөл атқарды» [3], –дейді. Демек, ақын-жыраулар поэзиясындағы жауынгерлік, романтикалық асқақ өршіл ой-сарындарын, толғаныстар, сөз қолданыстар арқылы ұғамыз.

Жыраулар поэзиясындағы толғаулардың мазмұны мен пішінінен авторларының қаһармандық тұлғалары айқындалады. Әсіресе, жорық жыраулары атанған Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Жиёмбет, Марғасқа жырларынан аңғарылады. Жырау тұлғасының жауынгерлік сипатын тыңдаушыларының көз алдына елестететін екі мәселе саралана көрінеді: біріншісі – жыраулардың жауынгерлік қарулары атаулары (қылыш, найза, айбалта, шоқпар, садақ); екіншісі – жауынгерлер тұлпарларының тұрпаты. Ерлік жырларын шығарушы жыраулардың өлең-толғаулары адамдардың ата-бабалық ерлік, жауынгерлік жорық жолдарына деген мақтаныш сезімдерін оятады. Әрине, қазақтың қаһармандық эпосындағы батырлар мен жорықшы жыраулардың тұлғаларындағы ұқсастықтың бар екендігі мәлім.

Сол ұғымдардың үндестіктерін жыраулардың толғауларындағы үзінділерден анық көреміз.

Мысалы:

1. Қарағайдан садақ будырып,
Қылшанымды сары жүн оққа толтырып... [1], –дейді.
(Қазтуғаннан)

2. Толғамалы ақ балта
Толғап ұстар күн қайда,
Алты құлаш ақ найза,
Ұсынып шаншар күн қайда... [1].
(Доспамбет)

3. Дулығамның төбесі
Туған айдай болмаса,
Батыршылық сұрмен-ді!!
Дулығалы бас кескен
Ерлердің алдаспаннан игі қолы болар ма!... [1].

(Шалкиіз)

4. Сол шұбарға мінген соң,
Қоңыраулы найза қолға алып,
Қоңыр салқын төске алып,
Қол төңкерер ме екенбіз?! [1]

(Ақтамберді)

6. Қырық сан қара қалмақты
Жарлығына қаратқан.

Айбалтасын алтынменен булатқан...[1].

(Бұқар жырау)

Жыраулар толғауларындағы әскери қару-жарақ, тұлпар ат, жауынгерлік іс-әрекеттер бейнеленетін үзінділерді саралап талдау барысында XV–XVIII ғ.ғ. қазақ халқының батырлық дәстүр тағылымын да танитымыз. Батырлар жырларының тақырыптық-идеялық, көркемдік ерекшеліктерінің де ұлттық дүниетанымындағы ықпалы айқын. Қобыланды, Алпамыс, Ер Тарғын, Қамбар батырлардың ерлік оқиғалары, дастандардың бейнелеу өрнектері, жыр өрімдері – бәрі де жыраулар поэзиясындағы жауынгерлік сарынмен үндес. Себебі жыраулардың кеңесші, ақылшы би-шешен болған тұлғалары мен батырлық эпос кейіпкерлердің де ұқсастық жақтары бар екендігі белгілі.

Ғалым-жазушы М.Мағауин: «Өздері өмір кешкен жауынгерлік заман талабына сай ғұмыр кешкен, кейде, тіпті батыр, қолбасы да болған жыраулар ерлік сарынды отаншыл жырлар туғызды» [2], – дейді. Мысалы, Қазтуған жыраудың «Алаң да алаң, алаң жұрт» толғауында: «...Қарғадай мынау Қазтуған батыр туған жұрт...» [1], – деген өлең жолдарынан жауынгер жыраудың өр тұлғасы, ерлік кейпі көрінеді.

Доспамбет жырларында:

Қалаға қабылан жаулар тигей ме,
Қабырғадан дұспан жалдап жүргей ме,
Қатарланып, қарланып,
Қайран ер қарт күреңге мінгей ме!
Қабырғадан қараған
Достым менен дұспаным:
«Апырым, ер Доспамбет!» - дегей ме!.. [1]

Асқақ шабытпен жырланған өлең шумағында Доспамбеттің нағыз жорық жыршысы, өр рухы, берік дәті, өмірлік мұраты айқын көрініс

береді. Доспамбет жыраудың жұртқа мәлім шағын толғаулары тікелей ұрыс даласында туғанға ұқсайды.

Ғалым-жазушы М.Мағауин: «Қобыз сарыны» монографиясында: «Ақынның ақындық қуатының арқасында ру патриархы дәрежесіне дейін көтерілген жырау көне жауынгерлік заманда сол тайпаның қолбасы батыры рөлін атқаруға тиіс еді. Исламға дейін Арабстан ақындар көбіне өз тайпасының әрі көсемі, әрі батыры. Араб әдебиетінің қалыптасу тарихындағы көрнекті тұлғалар Имр-уль Қайыс (500–540), ал-Мухальхиль (531 ж. өлген), Антара, ибн-Шаддат аль-Абсилер (528–615) осындай. Сол сияқты патриархалдық-феодалдық қоғамның гүлдену дәуірінде өмір сүрген қазақ жыраулары Шалкиіз, Жиёмбет, Қазтуған, Доспамбеттер де қолбасы батырлар» [3], – деп жазған.

Жиёмбет жырау өзінің қаншалықты әлеуеті бар екендігін «Еңсегей бойлы ер Есім» жырында:

Меніңменен ханым ойнаспа,
Менің ерлігімді сұрасаң,
Жолбарыс пенен аюдай,
Өрлігімді сұрасаң,
Жылқыдағы асау тайыңдай [1], -

дейді. Жиёмбет жырау теңеулерді өзін қоршаған реалдық ортадан алғандығы көрінеді. Жөнсіз шалқу жоқ. Сондықтан жыраудың толғауы өте әсерлі шыққан.

Ежелгі түркі поэзиясындағы кейбір сөз тіркестері перифраз секілді болып келеді. Мәселен, Орхон жазбаларындағы Йоллығтегін «адамдар» деп айтудың орнына «ел-жұрт», «адамзат ұлдары» деген сөз тіркестерін жиі қолданады. Мысалы:

Күллі түркі халқы былай десті:

«Елді халық едім,
Елім қазір қайда,
Кімге ел-жұрт іздермін?» – десті.
Қағанды халық едім,
Қағаным қайда,
Қандай қағанға күш-қуатым беремін?» – десті [4].

Қазақ жыраулары ежелгі түркі ақындарының «ел-жұрт» сөз тіркестерін өздерінің жыр-толғауларында қолданып дамыта түсті. Қазтуған жырау Сүйінішұлының «Алаң да алаң, алаң жұрт...» өлеңіндегі «жұрт» сөзі осының дәлелі.

Алаң да алаң, алаң жұрт,
Ақала ордам қонған жұрт,
...Кіндігімді кескен жұрт,
Кір-қоңымды жуған жұрт,
Жанға сақтау болған жұрт [1].

Ежелгі түркі поэзиясында айтар ойды нақты, қысқа түрде, әрі бейнелі етіп жеткізу үшін қолданылатын кейбір сөз тіркестері мақал-мәтелге ұқсайды. «Күлтегін» жырында:

Жырақ болса жаман, сыйлық берер,

Жакын болса, жақсы сыйлық берер [4].

Немесе:

Көрер көзім көрместей,

Білгір ақылым білместей болды [4].

Қазақ ақын жыраулары жыр-толғауларында ежелгі түркі ақындарының дидактикалық-философиялық өнерін жетілдіре түсті. Асан Қайғының «Бұл заманда не ғаріп?» толғауында:

Бұл заманда не ғаріп?

Ақ қалалы боз ғаріп,

Жақсыларға айтпаған

Асыл шырын сөз ғаріп,

Қадірін жеңге білмесе,

Бойға жеткен қыз ғаріп.

Ел жағалай қонбаса,

Бетегелі бел ғаріп.

Қаз, үйрегі болмаса,

Айдын шалқар көл ғаріп [1].

Ежелгі түркі поэзиясындағы шешендік өнерді дамытуда, әлемдік деңгейге көтеруде Шалкиіз Тіленшіұлының алатын орны ерекше. Шалкиіз айтар ойды қысқа түрде әрі пернелеп жеткізуге шебер:

Жапырағы жасыл жаутерек

Жайқалмағы желден-дүр,

Шалулығы белден-дүр,

Төренің кежігуі елден-дүр,

Байлардың мақтанбағы малдан-дүр,

Ақ киіктің шабар жері майдан-дүр,

Кешу кешмек сайдан-дүр,

Батыр болмақ сойдан-дүр... [1]

«Күлтегін», «Тоныкөк» жырларында лепті үнмен мәнерлеп ғибрат айту, асқақтап сөйлеу сияқты эмфатикалық дауыс ырғағын әсерлендіру, қарт данышпан Тоныкөктің бүкіл түркі еліне қарата айтқан монологында кездеседі:

Мен былай дедім:

–Мен білге Тоныкөкпін.

Алтын қойнауынан асып келдік

Ертіс өзенін кешіп келдік

Көп (екен) деп неге қашамыз?!

Азбыз деп неге қорқамыз?! [4]

Көне дәуірден жеткен сарын, көпшілік қауым алдында көтеріңкі екпінмен үндеу тастап ақыл-өсиет айту, асқақтата сөйлеу дәстүрі араға сан ғасырлар салып барып қазақтың ақын-жыраулар поэзиясында жалғастығын табады.

Бұл сарын Марғасқа жыраудың «Ей, Қатағанның хан Тұрсын» толғауында аңғарылады:

Хан емессің, қасқырсың,

Қара албасты басқырсың,

Алтын тақта жатсаң да

Ажалы жеткен пақырсың! [1]

Қазақ хандығының құрылу, қалыптасу дәуірінде ханға немесе көпшілікке үндеу тастап, асқақтата сөйлеу, дидактикалық сарынды өсиет айту қазақтың басқа да ақын-жырауларына тән қасиет.

Түркі әлемінен өркендеп, дамып келе жатқан шешендік өнерді қазақ ақын-жыраулары XV–XVIII ғасырларда бүкіл әлемдік мәні бар аса құнды әдеби мұраға айналдырды.

Қазақ хандығы дәуірінде ақын-жыраулардың бүкіл әлемдік мәні бар аса құнды әдебиетті қалыптастыруы рухани мәдениетіміздің одан әрі өркендеп, дамуының басты құндылықтарына айналды. Сөз өнері бүкіл халыққа ортақ қазына. Қазақтардан басқа да көшкінші халықтардың арасында сөз өнері дамыған. Сөз өнері иелерін жоғары бағалап, ақын-жырауларына бас иген.

Қазақтың Ұлы даласында хандық дәуірде тіл өнерінің қадірлілігі сондай, қазақтың ақын-жырауларының беделі хан беделінен жоғары болмаса кем болмаған. Қазақ хандығы кезеңіндегі ақын-жыраулардың XV–XVIII ғасырлар шегінде бүкіл әлемдік мәні бар аса құнды әдеби мұраны қалыптастырып, дамытуы келешек ұрпақ үшін сарқылмас ұлы қазыналар болып табылады.

Ескіден өткен ақын-жыраулар шығармашылығы бірімен-бірі сабақтас екендігі, алдыңғы ұрпақтан соңғы ұрпақ үлгі алып, олардың жақсы жақтарын дамытып отырғандығы аңғарылады.

Қазақ хандығы дәуірінде қазақ ақын-жыраулары XV–XVIII ғасырлар аралығында халықтың рухани өмірінде жетекші орынға шыққан поэзия жанрын бүкіл әлемдік деңгейге көтеріп, аса құнды әдеби мұраны жасады. Бұл мәңгі өшпес әдеби мұра – бүгінгі түркі әлемінің рухани мәдениетін, елдің тұтастығы мен бірлігін сақтап дамытуда ұлы қазыналарымыз болып табылады.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Бес ғасыр жырлайды. 2 томдық (Құрастырғандар: М.Мағауин, М.Байділдаев. – Алматы: Жазушы, 1989. – Т.1. – 24 б.

2 **Мағауин, М.** Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: Ана тілі, 1992. –105 б.

3 Мағауин, М. Қобыз сарыны. XV–XVIII ғасырларда жасаған акын-жыраулар (Монография). – Алматы: «Жазушы» баспасы, 1968. – 122 б.

4 Иоллыгтегін. Күлтегін. Алматы: Жалын, 1986. – Б. 42-70.

06.05.16 баспаға түсті.

К. С. Мамбетов¹, М. К. Мамбетова², Г. Н. Исакова²

Великое наследие акын-жырау в эпоху Казахского ханства

¹Международный Казахско-Турецкий университет
имени Х. А. Яссави, г. Туркестан;

²Казахский национальный университет
имени аль-Фараби, г. Алматы.

Поступило в редакцию 06.05.16.

K. S. Mambetov¹, M. K. Mambetova², G. N. Isakova²

Great heritage of akyn-zhyrau in the era of Kazakh Khanate

¹K. A. Yssawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan

²Al-Farabi Kazakh National University, Almaty.

Received on 06.05.16.

Исследование литературного наследия, дошедшие до сегодняшней независимости в качестве свидетельства древней истории, отбор жемчужины среди них, использование богатства, рожденное мудростью народа в течение многих веков во благо страны для создания «Мангилік ел», реформирующего общественного сознания считаются долгом исследователей истории казахской литературы. Потому что, каждое поколение должно использовать духовное наследие всех предыдущих поколений и развивать в соответствии с новым общественно-историческим состоянием. Только в этом случае духовные возможности развития общества реализуются объективно. На пути формирования «Мангилік ел», дошедшего с тюркского мира, во время сегодняшнего великого поворота, реформирующего духовную жизнь Казахской страны, народа, всего общественного сознания, очень важно объективно узнать ценности поэзии акын-жырау веков Казахского ханства. В период Казахского ханства основные представители казахской поэзии, те, которые таскали всю ношу поэзии того времени — акын-жырау создали ценные литературные наследия мировой значимости. Поэтому в статье рассматривается вклад акын-жырау XVII века в мировую литературу.

Researching the literary heritage, reached today's independence as the sign of ancient history, selecting the pearl among them, using the wealth appeared by wisdom of the people through many centuries for the benefit of the country in creation of «Mangilik el», reforming public consciousness are considered as a duty of the researchers of the Kazakh literature history. Because, each generation has to use spiritual heritage of all previous generations and develop according to a new socio-historical state. Only in this case spiritual opportunities of developing the society are realized objectively. On the way of formation of «Mangilik ate», reached from the Turkic world, during today's great turn reforming spiritual life of the Kazakh country, the people, all public consciousness it is very important to learn objectively poetry values of the akyn-zhyrau of the Kazakh khanate centuries. In the period of the Kazakh khanate the main representatives of the Kazakh poetry, who dragged all burden of poetry of that time — the akyn-zhyrau created valuable literary heritages of the world importance. Therefore in the article the contribution the akyn-zhyrau of the XVII century to the world literature is considered.




Рисунок 1 – Социальные взаимоотношения

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1 Эльконин, Д. Б. Психология игры [Текст] : научное издание / Д. Б. Эльконин. – 2-е изд. – М. : Владос, 1999. – 360 с. – Библиогр. : С. 345–354. – Имен. указ. : С. 355–357. – ISBN 5-691-00256-2 (в пер.).

2 Фришман, И. Детский оздоровительный лагерь как воспитательная система [Текст] / И. Фришман // Народное образование. – 2006. – № 3. – С. 77–81.

3 Антология педагогической мысли Казахстана [Текст] : научное издание / сост. К. Б. Жарикбаев, сост. С. К. Калиев. – Алматы : Рауан, 1995. – 512 с. : ил. – ISBN 5625027587.

4 http://www.mari-el.ru/mmlab/home/AI/4/#part_0.

А. Б. Есімова

Отбасылық-туысты қатынастар репродуктивті мінез-құлықты жүзеге асырудағы әлеуметтік капитал ретінде

Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ.

А. В. Yessimova

The family-related networks as social capital for realization of reproductive behaviors

A. Yesevi International Kazakh-Turkish University, Turkestan.

Бұл мақалада автор Қазақстандағы әйелдердің отбасылық-туыстық қатынасы арқылы репродуктивті мінез-құлықта айырмашылықтарын талдайды.

In the given article the author analyzes distinctions of reproductive behavior of married women of Kazakhstan through the prism of the kinship networks.

Теруге 03.06.2016 ж. жіберілді. Басуға 13.06.2016 ж. қол қойылды.

Форматы 70x100 1/16. Кітап-журнал қағазы.

Көлемі шартты 15,3 б.т. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген А. Елемесқызы

Корректорлар: А. Р. Омарова, З. С. Исакова

Тапсырыс № 2728

Сдано в набор 03.06.2016 г. Подписано в печать 13.06.2016 г.

Формат 70x100 1/16. Бумага книжно-журнальная.

Объем 15,3 ч.-изд. л. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка А. Елемесқызы

Корректоры: А. Р. Омарова, З. С. Исакова

Заказ № 2728

«КЕРЕКУ» баспасынан басылып шығарылған

С. Торайғыров атындағы

Павлодар мемлекеттік университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«КЕРЕКУ» баспасы

С. Торайғыров атындағы

Павлодар мемлекеттік университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

E-mail: kereku@psu.kz